

**Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 201 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 қыркүйекте № 4020 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қазандағы № 247 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 16.10.2015 № 247 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңына және "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы бекітілсін.
2. Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары бекітілсін.
3. Аудан әкімі аппаратының басшысы (А. Карменов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Саматовқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Л. Хайретдинов*

2015 жылғы 14 тамыздағы  
№ 201 Жаңақала ауданы  
әкімдігінің қаулысымен  
бекітілген

**Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы**

| №  | Қозғалыс бағыты                        | Аралықтығы |
|----|--|------------|
| 1  | Жаңақазан ауылы – Әйіпсай ауылы        | 15 км      |
| 2  | Жаңақазан ауылы – Қайролла қыстағы     | 24 км      |
| 3  | Жаңақазан ауылы – Жүніс қыстағы        | 35 км      |
| 4  | Жаңақазан ауылы – Айтжан қыстағы       | 35 км      |
| 5  | Жаңақазан ауылы – Құрмаш қыстағы       | 29 км      |
| 6  | Жаңақазан ауылы – Жаңаорын қыстағы     | 25 км      |
| 7  | Жаңақазан ауылы – Нұғыман қыстағы      | 20 км      |
| 8  | Көпжасар ауылы – Үштас қыстағы         | 3 км       |
| 9  | Көпжасар ауылы – Салтанат ауылы        | 20 км      |
| 10 | Көпжасар ауылы – Саралжын ауылы        | 25 км      |
| 11 | Көпжасар ауылы - Кіші Досан қыстағы    | 20 км      |
| 12 | Көпжасар ауылы – Шеру қыстағы          | 70 км      |
| 13 | Көпжасар ауылы – Қосшыңырау қыстағы    | 25 км      |
| 14 | Көпжасар ауылы – Айпара қыстағы        | 50 км      |
| 15 | Көпжасар ауылы – Шарап қыстағы         | 45 км      |
| 16 | Көпжасар ауылы – Саздыбөлек қыстағы    | 45 км      |
| 17 | Көпжасар ауылы – Қартабай қыстағы      | 40 км      |
| 18 | Көпжасар ауылы - Кіші Салтанат қыстағы | 25 км      |
| 19 | Көпжасар ауылы – Қайыр қыстағы         | 7 км       |
| 20 | Көпжасар ауылы – Кенжебай қыстағы      | 19 км      |
| 21 | Бірлік ауылы – Үшкемпір ауылы          | 20 км      |
| 22 | Бірлік ауылы – Ақбалшық ауылы          | 22 км      |
| 23 | Жаңажол ауылы - Кіші Айдархан ауылы    | 15 км      |
| 24 | Жаңажол ауылы – Теңдік ауылы           | 30 км      |
| 25 | Қызылоба ауылы – Жангелді ауылы        | 10 км      |
| 26 | Қызылоба ауылы – Өркен қыстағы         | 18 км      |
| 27 | Қызылоба ауылы – Айтпай ауылы          | 18 км      |
| 28 | Қызылоба ауылы – Шалқұдық қыстағы      | 30 км      |
| 29 | Қызылоба ауылы – Шымқұдық қыстағы      | 24 км      |
| 30 | Қызылоба ауылы – Итен қыстағы          | 20 км      |
| 31 | Қызылоба ауылы – Құлпытас қыстағы      | 19 км      |
| 32 | Қызылоба ауылы – Ащықұдық қыстағы      | 30 км      |
| 33 | Қызылоба ауылы – Лагерь қыстағы        | 2 км       |
| 34 | Қызылоба ауылы – Хафиз қыстағы         | 8 км       |
| 35 | Қызылоба ауылы - Көшім-орын қыстағы    | 14 км      |
|    |  |            |

|    |                                  |       |
|----|----------------------------------|-------|
| 36 | Қызылоба ауылы – Қармола қыстағы | 6 км  |
| 37 | Қызылоба ауылы – Тайпақ қыстағы  | 19 км |
| 38 | Пятимар ауылы – Борық ауылы      | 20 км |
| 39 | Пятимар ауылы – Аққұс ауылы      | 45 км |
| 40 | Пятимар ауылы – Беспай қыстағы   | 20 км |
| 41 | Пятимар ауылы – Бөгет қыстағы    | 5 км  |
| 42 | Пятимар ауылы – Плантация ауылы  | 5 км  |

Аббревиатураның толық жазылуы:

км – километр.

2015 жылғы 14 тамыздағы  
№ 201 Жаңақала ауданы  
әкімдігінің қаулысымен  
бекітілген

## **Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім**

### **беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы қағида (бұдан әрі – Қағида) "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысына, "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысына сәйкес әзірленген және Жаңақала ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібін айқындайды.

#### **2. Балаларды тасымалдау тәртібі**

2. Балалар топтарын ұйымдастырылған түрде тасымалдау кемінде екі есігі бар, техникалық жай-күйі көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган бекіткен автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға жауап беретін автобустармен жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автобустар сары

түсті жарқылдауық маякпен жабдықталады. Бұл автобустардың алдына және артына "Балалар тасымалы" деген таным белгісі орнатылады.

Балалар топтарын ұйымдастырылған түрде жасы кемінде жиырма бесте, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде бес жыл еңбек өтілі бар жүргізушілердің тасымалдауына рұқсат етіледі.

Автобус шанағында тасымалданатын балалардың саны орындық санынан аспауы тиіс.

3. Оқу орындарында тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

4. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

5. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

6. Балалар топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) рұқсат етілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауы керек.

7. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлайды, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

8. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды

тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын, отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 метр қашықтықта орналасады.

9. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда ғана орындауы мүмкін.

10. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі.

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды ауыстыратын адамдармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүруге рұқсат етілуі мүмкін.

11. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналар рұқсат етілмейді:

- 1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе құрал жабдықтарды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.